

Бекітемін
Мектеп директорының м.а.

Л.Т.Сағымбаева

« 31 »

2022



Келісемін
Мектептің оқу ісі
жөніндегі орынбасары:


К.М.Утегенова

« 31 » 08 - 2022

ӘБ отырысында
қаралды:
ӘБ жетекшісі:

« 31 » 08. 2022 №1 Хаттама

«Елтану» курсы 10-11 сынып (жаратылыстану-математика бағыты)



Құрастырғандар: тарих пәнінің мұғалімдері
М.С.Жаксыбаева.,Б.Б.Ожаева

Қолданушы: Тамды орта мектебінің тарих пәнінің
мұғалімі Ж.Балтагарина

Түсінік хат

Келешек жас ұрпақты жеке тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеуде, ғылыми тарихи таным негізінде дүниедегі өз орнын анықтауда, «Елтану» курсы үлкен рөл атқарады. Сондықтан да жас ұрпақтың бойында тарихи сананы қалыптастыруда, әлемде болып жатқан үрдістерге сыни көзқараспен қарап, әділ баға беруді қалыптастыруда бағдарламаның маңызы зор. Әлемдік жаһандану үрдісі үздіксіз жүріп жатқан заманда, ақпараттық танымдық жүйеде саяси сауатты, озық ойлы, өз елінің ұлттық құндылықтарын бағалай білетін тұлғаларды тәрбиелеу күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала беретіні сөзсіз.

Курстың басты **мақсаты**: дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып, қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеру.

Курстың міндеттері:

- тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыру және дамыта оқыту;
- зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану;

Оқушыға қойылатын талаптар:

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметіне баға беру ;
- тарихи деректердің негізінде тарихи зерттеу жүргізу;
- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдану.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, Адам.Қоғам. Құқық, география, экология.

Сабақтың түрлері, қолданылатын әдіс-тәсілдері: теориялық және практикалық. Дәрістер, мультимедиалық презентациялар, дәріс-диалог, дөңгелек үстелдер, жоба қорғау және т.б.

Күтілетін нәтиже:

- тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен ортақтық ұғымдарын, адамзаттың рухани мұрасының терең тамырларын салыстырады;
- ұлттық басымдықтарға сәйкес тарихи сана мен дүниетанымдық қағидалардың қалыптасуының маңыздылығын анықтайды;
- қоғамның демократиялық құндылықтарды толеранттық өзара келісушілікті азаматтық ұстаным тұрғысында қабылдайды.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана

ес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Бағдарламада қолданатын инновациялық технологиялар:

- 1.«Сыни тұрғыдан ойлау мен жазу» стратегиялары
- 2.Интерактивті технологиялар
- 3.«Ғылыми жобалау әдістемесі» бағдарламалары
- 4.Дебат технологиялары

Нәтижесі: реферат қорғау, ғылыми жобалар жарысы, «Ең үздік фильм» сайыстары, «Әлем елдерінің мәдениеті» «Білімділер» сайысы, пәндік олимпиадалар.

Оқу жүктемесінің көлемі: 1 жыл

Жаратылыстану-математика бағыты: 10-11 сыныптар- аптасына 1 сағат,36 сағат

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

10- сынып

Жаратылыстану-математикалық бағыт

Аптасына 1 сағат-36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін күні	Ескертулер
1	Кіріспе	1		
I. Өркениет, оның жіктелуі				
2	«Өркениет» түсінігі	1		
3	Ежелгі әлем өркениеті	1		
II. Әлем өркениетінің тарихы				
4-5	Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері	2		
6	Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы	1		
7	Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық аясы	1		
8	Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы	1		
9-10	Мәдениеттер диалогі	2		
III. Этникалық және әлеуметтік процестер				
11	Адамның шығу тегі теориялары	1		
12	Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта	1		
13-14	Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары	2		
15-16	Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері	2		
17-18	Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	2		
IV. Мемлекет және оның тарихы				
19	Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары	1		
20	Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін	1		
21	Саяси режимдердің типтері	1		
V. Әлем тарихының барысына әсер еткен оқиғалар				
22	Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы	1		
23-24	Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде	2		
25-26	Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары	2		
27-28	Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы	2		
29-30	Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері	2		
VI. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау				
31-32	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі	2		
33	Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы	1		
34	Заманауи өнердің даму тенденциялары	1		
35	Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы	1		
36	Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі	1		

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
11- сынып Жаратылыстану-математикалық бағыт
Аптасына 1 сағат-36 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін күні	Ескертулер
1	Кіріспе	1		
2	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем елдерінің дамуының негізгі тенденциялары	1		
I. АҚШ пен Еуропа дамуының ерекшеліктері				
3	Батыс елдерінде «жалпыға ортақ әл-ауқат қоғамын» қалыптастыру және дағдарыс	1		
4	Батыстың дамыған елдеріндегі индустриядан кейінгі қоғам	1		
5	Америка Құрама Штаттары	1		
6	Германия Федеративтік Республикасы және Германия Демократиялық Республикасы	1		
7	Ұлыбритания	1		
8	Франция	1		
9	Италия	1		
10	«Просперити» кезеңіндегі Америка Құрама Штаттарының экономикалық және саяси дамуы. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оның салдары	1		
11	АҚШ және еуропа елдерінің мәдениеті. Халықтың өмір салты	1		
12	Жоба қорғау сабағы	1		
II. КСРО және Ресей Федерациясының тарихы				
13	1945-1953 жылдардағы КСРО	1		
14	1953-1964 жылдардағы КСРО	1		
15	1960-жылдардың ортасында — 1980-жылдардың басындағы КСРО	1		
16	КСРО ыдырауы және ТМД-ның құрылуы	1		
17	XX ғасырдың бірінші жартысындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер	1		
18	Мәдениеттің даму ерекшеліктері. Қоғамдық мәдениет. Қоғамдағы дін рөлінің өзгеруі.	1		
19	Жоба қорғау сабағы	1		
III. Азия, Африка және Латын Америка елдері				
20	Биополярлы әлем. Әскери-саяси одақтар НАТО мен ВШҰ-ның текетіресі	1		
21	Қытай 1945-1978 жж	1		
22	Қытай Халық Республикасы (1979 - 2012)	1		
23	Жапония	1		
24	Үндістан	1		
25	Мұсылман әлемі елдері	1		
26	Дамушы елдердің мәдени-техникалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтары. Байқоңыр ғарышайлағы. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білім берудің рөлі	1		
27	Жоба қорғау сабағы	1		
IV. Халықаралық қатынастар және әлемнің жаһандық мәселелері				
28	Биполлярлық әлемнің қалыптасуы (1945-1990 жж.)	1		

	БҰҰ-ның құрылуы мен қызметі. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді шешу жолдары	1		
1-32	1980 ж. - XXI ғ. басында халықаралық қатынастар	1		
33	XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы. ЮНЕСКО-ның адамзаттық мәдени мұраларын сақтау жолындағы қызметі			
34	Адамзаттың жаһандық мәселелері	1		
35	Жоба қорғау сабағы	1		
36	Қорытынды сабақ	1		